

**ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

**БЕКНАЗАРОВ
ЖОЛДЫБАЙ
БЕКНАЗАРҰЛЫ**

ОРАЛ - 2014

Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Ғылыми кітапхана

БЕКНАЗАРОВ
ЖОЛДЫБАЙ
БЕКНАЗАРҰЛЫ

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

ОРАЛ - 2014

УДК: 012:633
ББК: 91.9:42.1
Б 42

Құраст: Кудабаета Г. А. – ғылыми кітапхананың сектор
жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б. – ғылыми
кітапхананың директоры

Бекназаров Жолдыбай Бекназарұлы:
биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Г.
А. Кудабаета, шығ. жауапты А. Б. Есенаманова. – Орал :
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2014. – 38 б.

Ұсынылып отырған көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымы, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент Ж. Б. Бекназаров арналған.

Көрсеткіште ғалымның ғылыми-педагогикалық және ұстаздық қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, өмір жолының негізгі кезеңдері атап көрсетілген. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1987 жылдан бастап осы күнге дейінгі ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі енгізілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен магистранттарға және кітапхана қызметкерлеріне арналады.

Биобиблиографический указатель посвящен ученому, кандидату сельскохозяйственных наук, доценту Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана Ж. Б. Бекназарову.

Биобиблиография открывается кратким очерком о научной, научно-организационной и общественной деятельности ученого. Далее приводятся основные даты его жизни и деятельности, научные публикации с 1987 по 2014 годы.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и магистрантов, а также студентов и библиотечных работников.

Алғы сөз

Ұсынылып отырған көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиографиялық сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіште ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты Жолдыбай Бекназарұлы Бекназаровтың ғылыми-педагогикалық және ұстаздық қызметі туралы қысқаша мағлұмат беріліп, өмір жолының негізгі кезеңдері атап көрсетілген. Арнайы бөлімдерде Ж. Б. Бекназаровтың әріптестерінің естеліктері баяндалған. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1987 жылдан бастап осы күнге дейінгі ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі енгізілген. Еңбектері хронологиялық және жыл ішінде алфавиттік тәртіппен орналастырылған.

Барлық мәліметтер библиографиялық жазбаларға қойылған талаптарға сәйкес келтірілген және басылымдардың бірлескен авторлары көрсетілген.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен магистранттарға және кітапхана қызметкерлеріне арналған.

Мәліметтер 2014 жылдың қазан айына дейін жинақталған.

Предисловие

Данный указатель является продолжением серии биобиблиографических указателей, посвященных ученым Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Жолдыбай Бекназарович Бекназаров, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент кафедры «Механизированные технологии и землеустройство» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, один из видных ученых Западного Казахстана.

Биобиблиография открывается кратким очерком о научной, научно-организационной и общественной деятельности доцента Ж. Б. Бекназарова. Далее приводятся основные даты его жизни и деятельности, отзывы и воспоминания коллег, научные публикации с 1987-2014 гг. Работы расположены по хронологии, внутри в алфавитном порядке.

Все описания произведены в соответствии с ГОСТами библиографического описания, соавторы указаны.

При составлении указателя были использованы каталоги и картотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, систематический указатель «Сельскохозяйственная литература» ЦНСХБ Россельхозакадемии и реферативный журнал КазГосИНТИ.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и магистрантов, а также студентов и библиотечных работников.

Отбор материала закончен в октябре 2014 года.

**Ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент
Ж. Б. Бекназаровтың ғылыми-педагогикалық,
оқу-әдістемелік және қоғамдық іс-қызметі туралы очерк**

Бекназаров Жолдыбай Бекназарұлы 1954 жылы 7-ші қарашада Ақтөбе облысы Комсомол ауданы Жабасақ ауылының Ақсуат елді мекенінде дүниеге келген.

1961 жылы Жабасақ орта мектебіне барып, 1971 жылы Северный орта мектебін тәмамдаған соң, Псков кеңшарында еңбек жолын механизатор болып бастады. 1972-74 жылдары әскер қатарында болды, 1975-1981 жылдар аралығында Ақтөбе облысы Комсомол, Қарабұтақ (қазіргі Әйтеке) аудандарында ауыл шаруашылық саласында механизатор болып еңбек еткен. 1981 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетіне түсіп, оны 1986 жылы үздік бітіргеннен кейін, аталған факультетке оқытушылық қызметке қалдырылған. Оқытушылық қызмет атқара жүріп, 1989 жылы Украинаның Киев қаласындағы ауыл шаруашылық академиясына аспирантураға түседі, 1993 жылы 06.01.01- жалпы егіншілік мамандығы бойынша «Совершенствование приемов борьбы с сорняками в посевах кукурузы при возделывании ее по зерновой технологии в условиях Западного Казахстана» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

Диссертациясын қорғағаннан кейін агрономия факультетінің «Егіншілік және агрохимия» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет жасады. 1999-2000 жылдар арасында Батыс Қазақстан аграрлық университеті жанынан ашылған алыстан оқыту институтының (ИДЗО) Агрономия мамандығы бойынша жауапты жетекші маман қызметін атқараған. 2001-2002 жылдары (Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрамындағы) Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты директорының орынбасары және оқу бөлімінің басшы болып қызмет атқарадған. 2005 жылы Қазақстан Республикасының ЖАК (жоғары аттестациялық комиссия) шешімімен доцент атағы беріледі. 2005-2007 жылдар аралығында Жәңгір хан атындағы аграрлық –техникалық университетінің агрономия

факультетінің «Егіншілік және агрохимия кафедрасының» меңгерушісі болып қызмет жасады.

2007 жылдың шілде айынан бастап университетте жұмыс жасай жүріп Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданының «АҚ- АЮ» шаруа қожалығыда директор және аталған шаруашылық негізінде ашылған кафедра филиалының жетекшісі болып қызмет атқарды.

2011 жылдың қаңтар айынан бастап осы күнге дейін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің политехникалық факультетінің «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының доцентік қызметін атқарып келеді.

Ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстармен айналысамын, 50 астам ғылыми еңбектің, оның ішінде оқу үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген 4 кітаптың, көптеген әдістемелік нұсқаулардың авторы. Университет қабырғасында жұмыс жасаған жылдары 200-ден астам студенттерге дипломдық, 2 магистрантқа ғылыми жетекші болды.

2005-2007 жылдар аралығында университеттегі диссертация қорғау кеңесінің мүшесі.

Жолдыбай Бекназарұлы мінсіз қызметі үшін көптеген құрмет грамоталарымен және мақтау қағаздарымен қатар, келесі марапаттаулардың иесі:

- 2003 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» құрмет грамотасымен;

- 2006 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталған.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосқан ғалым-педагог.

Жолдыбай Бекназарұлы Бекназаровтың біліктілігінің жан-жақтығы, ұйымдастырушылық қабілеттілігінің арқасында университет ұжымында және университеттің түлектері арасында сыйлы және үлкен құрметке ие.

Очерк о научно-педагогической, учебно-методической и общественной деятельности кандидата сельскохозяйственных наук, доцента Ж. Б. Бекназарова

Бекназаров Жолдыбай Бекназарович родился 7 ноября 1954 г. в ауле Аксуат Жабасакского района Актюбинской области.

1961 году пошел в Жабасакскую среднюю школу и 1971 году окончил Северную среднюю школу, после работал механизатором в поселке Псков.

1972-74 годы служил в рядах Советской армии. 1975-1981 годы работал механизатором сельскохозяйственной отрасли в районах Комсомол, Карабутак (ныне Айтеке) Актюбинской области. 1981 году поступил на агрономический факультет Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института и окончил его с отличием. После окончания института остался преподавать на этом же факультете. Работая преподавателем в 1989 году поступил в аспирантуру Киевской сельскохозяйственной академии на Украине, и в 1993 году защитил кандидатскую диссертацию на тему «Совершенствование приемов борьбы с сорняками в посевах кукурузы при возделывании ее по зерновой технологии в условиях Западного Казахстана» по специальности 06.01.01. -общее земледелие.

После защиты кандидатской диссертации работал старшим преподавателем на кафедре «Земледелие и агрохимия» агрономического факультета. В 1990-2000 годы занимал должность ведущего специалиста по специальности агрономия в институте дистанционного обучения (ИДЗО) при Западно-Казахстанском аграрном университете. В 2001-2002 гг. занимал должности заместителя директора Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института и начальника учебной части (Западно-Казахстанский государственный университет). В 2005 году решением ВАК Республики Казахстан присудили звание доцента. В 2005-2007 гг. занимал должность заведующего кафедрой «Земледелие и агрохимия» агрономического факультета

Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Работая в университете, с июля 2007 года по совместительству исполнял обязанности директора крестьянского хозяйства «АҚ-АЮ» Зеленовского района и руководителя филиала кафедры, открытого на основе вышеназванного хозяйства.

С января 2011 года был принят на кафедру «Механизированные технологии и землеустройство» на должность доцента, где работает и в настоящее время.

Занимается научно-исследовательскими работами, является автором более 50 научных трудов, в том числе 4 учебников и многих методических разработок, широко используемые в процессе обучения. За время работы в стенах университета руководил дипломными и диссертационными работами более 200 студентов и 2 магистрантов.

В 2005-2007 гг. являлся членом Совета защиты диссертации университета.

За плодотворную работу Ж. Б. Бекназаров неоднократно награждался грамотами:

- 2003 году Почетной грамотой Министерство Образования и науки РК «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін»;

- 2006 году нагрудным знаком Министерство Образования и науки РК «Почетный работник образования Республики Казахстан».

Многолетняя плодотворная деятельность Ж. Б. Бекназарова в подготовке молодых специалистов и по развитию сельскохозяйственной науки, его разносторонние знания, порядочность, честность снискали заслуженное уважение в коллективе факультета, университета.

Ж. Б. Бекназаров постоянно ведет большую научную и общественную работу.

**Доцент Ж. Б. Бекназаровтың өмірі мен ғылыми
қызметінің негізгі кезеңдері**

Основные даты жизни и деятельности доцента

Ж. Б. Бекназарова

- 1954** 7-ші қарашада Ақтөбе облысы, Комсомол ауданының Ақсуат елді мекенінде туған.
7 ноябрь родился в ауле Ақсуат Комсомольского района Актюбинской области.
- 1961-1971** Жабасақ орта мектебіне барып, 1971 жылы Северный орта мектебін тәмамдаған.
Окончил Северную среднюю школу.
- 1971-1972** Псков кеңшарында механизатор.
Механизатор в поселке Псков.
- 1972-1974** Кеңес Армиясы Қарулы күштерінің қатарында борышын атқарған.
Служба в рядах Советской Армии.
- 1975-1981** Ақтөбе облысы Комсомол, Қарабұтақ (қазіргі Әйтеке) аудандарында ауыл шаруашылық саласында механизатор.
Механизатор сельскохозяйственной отрасли в районах Комсомол, Карабутақ (ныне Айтеке) Актюбинской области.
- 1981-1986** Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетінің студенті.
Студент агрономического факультета Западно-Казахстанского СХИ.
- 1986-1989** Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетінің оқытушысы.
Преподаватель агрономического факультета Западно-Казахстанского СХИ.
- 1989-1992** Украинаның Киев қаласындағы ауыл шаруашылық академиясының аспиранты.
Аспирант Киевской сельскохозяйственной академии (Украина).
- 1993** 06.01.01 - жалпы егіншілік мамандығы бойынша «Батыс Қазақстан облысы жағдайында дәндік технология бойынша сүрлемдік жүгеріні өсіру кезінде егістіктегі арам шөптермен күресу тәсілдерін жетілдіру» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.
Защитил кандидатскую диссертацию по специальности 06.01.01.- общее земледелие на тему:

- «Совершенствование приемов борьбы с сорняками в посевах кукурузы при возделывании ее по зерновой технологии в условиях Западного Казахстана».
- 1994** Агрономия факультетінің «Егіншілік және агрохимия» кафедрасында аға оқытушы.
Старший преподаватель кафедры «Земледелие и агрохимия» агрономического факультета Западно-Казахстанского СХИ.
- 1999-2000** Батыс Қазақстан аграрлық университеті жанынан ашылған алыстан оқыту институтының агрономия мамандығы бойынша жауапты жетекші.
Ведущий специалист по специальности агрономия в институте дистанционного обучения (ИДЗО) при Западно-Казахстанском аграрном университете.
- 2001-2002** Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының (БҚМУ құрамындағы) директорының орынбасары және оқу бөлімінің басшысы.
Заместитель директора и начальник учебной части Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института ЗКГУ.
- 2002-2004** Агрономия факультетінің «Егіншілік және агрохимия» кафедрасының доценті.
Доцент кафедры «Земледелие и агрохимия» агрономического факультета.
- 2005** Қазақстан Республикасының ЖАК (жоғары аттестациялық комиссия) шешімімен доцент атағы берілді.
Решением ВАК РК присвоено ученое звание доцента.
- 2005-2007** Жәңгір хан атындағы аграрлық –техникалық университетінің агрономия факультетінің «Егіншілік және агрохимия кафедрасының» меңгерушісі, университеттегі диссертация қорғау кеңесінің мүшесі.
Заведующий кафедрой «Земледелие и агрохимия», член совета диссертационной комиссии.
- 2007** Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданының «АҚ-АЮ» шаруа қожалығында директор және аталған шаруашылық негізінде ашылған кафедра филиалының жетекшісі.
Директор крестьянского хозяйства «АҚ-АЮ» Зеленовского района ЗКО и руководитель филиала кафедры открытого на основе вышеназванного хозяйства.
- 2011** Жәңгір хан атындағы БҚАТУ политехникалық факультеттің «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының доценті.

Доцент кафедры «Механизированные технологии и землеустройство», где работает и в настоящее время.

**Ғалым-агроном, асқар таудай әке, аяулы ата,
жақсы дос, Бекназаров Жолдыбай
Бекназарұлына - 60 жас !!!**

А. Б. Абуова,
а. ш. ғ. докторы, «Тағам өнімдерін
өңдеу технологиясы» кафедрасының меңгерушісі

1981 жылы Орал қаласында қабылдау емтихандарын жақсы тапсырып, бір орынға 4,5 адамдық конкурске төтеп беріп, Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтына түсіп, 1986 жылы «Ғалым агроном» мамандығы бойынша 75 түлек бітіріп шықтық. Сол студенттік өмірдің басталғанынан бері де 33 жыл өтіпті.

Ал біздің жолдасымыз Бекназаров Жолдыбай 60 жасқа толып жатыр.

1981 жыл Совет үкіметінің гүлденіп ауыл шаруашылығының өркендеп тұрған кезі. Сондықтан да ауыл шаруашылығы мамандарына сұраныс та көп мезгіл болатын. Сондықтан да Жөкең жасап жатқан шаруашылық біздің мерей тойын тойлап отырған досымыздың болашағынан зор үміт күтіп ауыл шаруашылығына қажетті жоғары білімді маман керек деп семьясымен оқуға жіберді. Оны біз кейін түсіндік. Жолдыбай көрсетілген сенімді толық ақтады. Тіптен ауыл шаруашылығының қыр-сырын біліп келген жас маман ғылымға ден қойып, сонау Украина жеріне барып өзінің ғылыми жаңалығын ғылымның «ақсақалдарының» алдына барып қорғап ауыл шаруашылығының кандидаты атаған алып шықты.

Жолдыбаймен оқуға қабылданатын емтихандарды бірге тапсырғанмен, Ол бізден 10 жас үлкен болатын. 75 адамнан тұратын курсымыз 25 адамнан 3 топқа бөлінді. Деканат Жолдыбайды біздің 3-топтың старостасы етіп сайлады. Бір топта оқығандықтан студенттік кезімізде кеше ғана мектеп қабырғасынан шыққан біз сияқты

жасөспірімдерге Жөкең ақылшы аға, алдымыздағы асқар таудай болды.

Сол жүздеген, мыңдаған шәкірттерінің бойына білім нәрін құйып, тәлімді тәрбиемен ұштастырып келе жатқан Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына былтыр 50-жыл толды. Үлкен өмірге жолдама берген сәулелі шаңырағымның мерейтойына деген шынайы көңіл-қуанышымызды жеткізіп, тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі үшін білікті маман кадрлар даярлап жатқан білім Ордасының профессорлық-оқытушылар қауымы еселі еңбектерімен халқымыздың ыстық ықыласына бөлене берсін, бақыт пен берекеге кенелсін демекпіз. Осы үлкен өмірге жолдама берген сәулелі шаңырағымыздың қабырғасында студенттік қызықты күндерімізді басқа да курстастарымыз айта жатар.

1986 жылы оқу бітіргеннен кейін Жолдыбаймен бір кафедрада жұмыс жасадық. Жанұяларымызбен араласып достығымыз нығая түсті. Біріміз ауырсақ біріміз сабағын ауыстырып қиын да қызықты оқытушылық өмірдің қыр-сырын меңгердік. Алыс Қызылордадан келген мен бұл семьяны өзімнің төркінімдей көрдім. Оның үстіне жұбайы Балымтай бойынан мейірім төгіліп тұрған, Қызылорданың сол кездегі жалғыз ғана қыздар педагогикалық оқу орнын тәмәмдаған тәрбиелі жан. Сондықтан да 1986 жылы тұңғышымыз дүниеге келгенде қазақтың салты бойынша ұлымыздың кіндік ата, кіндік мамасы кім болады дегенде ұл-қыз тәрбиелеп отырған осы жанұямен туыстасқан едік.

Ал қазір Өмір деген теңіздің талай буырқанған толқынына төтеп беріп бірге жүзіп келеміз. Жолдыбайдың мерей тойы қарсаңында бала-шағалы, немере, жиенді үлкен шаңырақ иесіне қажымас қайрат, ұзақ өмір тілейміз. Жан жолдасы Балымтаймен тәтті өмірдің бал сусынын сіміріп бақытты өмір кеше беріңіздер демекпіз.

Ізгі ниетпен Абуовтар әулетінің атынан.

ЖОЛДЫБАЙ ЖОЛЫНАН БІР ҮЗІК СЫР

Х. Құсайынов,

экономика

ғылымдарының докторы,

профессор, академик

“Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” деген сөз бекер айтылмаса керек. Кезінде еліміздің алға қойған міндеттерін өз дәрежесінде орындау үшін білім-тәжірибелері мен қажыр-қайратын барынша жұмсап, халықтың хал-жағдайын жақсарту үшін ауыл шаруашылығында қызмет еткен азаматтар қазіргі күні ел сыйлаған аға буынға айналды. Осындай замандастарымыздың арасында өз еңбегімен ерекшеленген елеулі тұлға – Жолдыбай Бекназаров.

Әр адам туған өлкесінің топырағынан нәр алып, шаруасына шыңдалып өсетіні белгілі. Жөкең туған жерінде ерінбей еңбек етіп, біраз жылдар бойы өндірісте қызмет еткеннен кейіннен барып оқуға түсті. Өзіл-шыны аралас, Жөкеңмен сұхбаттасқан кездердің бірінде ауыл механигінің бір топ жігітке «бала туғызудан басқа, қолдарыңнан түк келмейді» деген бір ауыз сөзі намысына қамшыдай тиген соң, чемоданын арқалап, білім жолын қуу мақсатымен Оралдағы ауылшаруашылық институтына бет ала жөнелгенін әңгімелеп берген еді. Сол оқуын сәтті аяқтап, ғылыммен айналысуды қош көрген Жөкең қазіргі кезге дейін өз өмірін білім-ғылыммен байланыстырып келеді. Ғылым тезіне түсу кез келгеннің қолынан келе бермейтін қиын іс. Соған қарамастан Жөкең егіншілік ісінде шаруаның көретін бейнетін жеңілдетуді мақсат тұтып, арамшөппен күресудің ғылыми негіздерін зерттеуді қолға алады.

Осылайша ізденіс жолында көптеген табысты нәтижелерге қол жеткізіп, 1993 жылы Украина мемлекеттік аграрлық университетінің диссертациялық кеңесінде «Батыс Қазақстан жағдайында жүгері егістігіндегі арамшөппен күресу тәсілдерін жетілдіру жолдары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми көпшілік тарапынан жоғары деңгейдегі бағаға ие болды.

Жөкеңмен жақынырақ танысқан кезіміз – осыдан отыз шақты жыл бұрын, яғни 1987-88 жылдары бірге ел аралап, жер көрген кездер еді. Сол жылдары Жолдыбайдың туған жері, Ақтөбе облысының ең шұрайлы, түгін тартсаң майы шығатын топырағы құнарлы, егіні бітік өлке есептелетін–Комсомол ауданына жолымыз түсті. Біздің сапарымыз қыстың көзі қырауда, ақпан айының қақаған суығына тап келді. Ауданның Псков, Северный, Жабасақ ауылдарын аралап, Союзный арқылы Комсомол орталығына оралдық. Қыс айларының өз қиындығы болатындығы белгілі, әсіресе, адамның азаматтығын сапарға бірге шыққанда, сын сағаттарда білінеді емес пе?! Жолдыбай бауырымының адамгершілігі мен парасаттылығын, жоғары мәдениетке ие екенін сол сапардан аңғардым. Комсомолға жеткен соң Жолдыбайдың ағасы, кезінде аудандық білім бөлімінің басшысы болған ардагер Зейнел Бижановтың үйіне түстік. Таныса келе, ол кісімен құда болып шықпасымыз бар ма! Ақсақал асты-үстімізге түсіп, жақсы қонақ қылды. Ертесіне боран болып, қалаға шығатын жолдардың бәрі жабылып қалды. Кідіретін шама жоқ, бірінші жұмыс басталады. Не істерімізді білмей абдырағанмызды сезіп, ақсақал өзінің ескі УАЗ машинасын пољникпен қыздырып, оталдырып алды да, бізді отырғызып, Союзныйдағы теміржол станциясына өзі жеткізіп салды. Сол кезеңде де Жөкеңнің елге құрметті, ағаларының алдында қаншалықты абыройлы екеніне көзім жетті. Осы сапар екеуміздің достасып, табысуымызға себеп болды. Жасымыз шамалас болса да, өзінің кішіпейіл мінезімен мені аға ретінде сыйлап, осы уақытқа дейін құрмет тұтып келген Жолдыбай Бекназарұлы бүгінде алпыстың асуына жетіп отыр.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру кафедрасында бірнеше жылдар бойы абыройлы қызмет атқарып келе жатқан Жолдыбай Бекназарұлы қазіргі таңда студенттерге дәріс оқып, магистранттарға білгенімен бөлісіп ғылыми жетекшілік етуде. Осылайша шәкірт тәрбиелеу жолында да жас ұрпаққа үлгі боларлықтай өнеге көрсетіп келеді. Өзі қызмет ететін Қазақстанның батыс аймағындағы ірі жоғары оқу орындарының бірі болып саналатын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Жөкең екеуміздің табыстырған қара шаңырақ. Сол кездерден бастап бүгінгі сәтке дейін өмірдің тәттісіне де, кейбір ащы тұстарына да бірге куә болдық. «Әкесі достың баласы дос» демекші, менің Майра қызым мен оның ұлы – Қуаныш бірге оқып, бірге өсті. Осылайша, ұл-қызы бүгінде азамат болып, үлкен мемлекеттік қызметтер атқарып, ата-анасының үмітін ақтап келеді. Зайыбы – Балымтай да жолдасымен бірге қоса ағарып, үлгілі шаңырақтың тірегі болып отыр.

Алпыс жас – адамның даналығы артып, барлық затқа сын көзбен қарап, ақырын жүріп анық басатын, оңы менен солын, өмірдің жақсысы мен жаманын ажыратып, өзгеге тәрбие беретін кезең.

Осыған орай, замандас ініміз – Жолдыбай Бекназарұлын азаматтықтың асқаралы кезеңі, кісіліктің кемел шағы саналатын алпыстың асуына шыққан мерейлі тойымен шын жүректен құттықтаймын.

ПЕДАГОГ, УЧЕНЫЙ, АГРОНОМ

Т. А. Турганбаев,
доцент кафедры «Растениеводства
и земледелия», канд. с.-х. наук, выпускник
агрономического факультета 1985 года

Оглянувшись назад, на прожитые им счастливые годы, хочется сказать, что в свое время он сделал правильный выбор, поступив в 1981 году на агрономический факультет Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института. Проучившись в нем, он стал настоящим специалистом своего дела, посвятив себя нелегкому труду преподавателя родного ВУЗа. Дальше учеба в аспирантуре Киевской сельскохозяйственной академии, по окончании которой в 1993 году он защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Совершенствование приемов борьбы с сорняками в посевах кукурузы при возделывании ее по зерновой технологии в условиях Западного Казахстана» по специальности 06.01.01 – общее земледелие. В последствии продолжил работу в ЗКСХИ. Имея уже за плечами определенный опыт педагогической деятельности, он активно занимается наукой. Начиная с должности ассистента он дорос до доцента. Им опубликовано свыше 60 научных и учебно-методических трудов. В его трудовой биографии – работа в качестве заместителя директора института и начальника учебной части; заведующего кафедрой земледелия; ученого секретаря Совета по защите диссертаций; по совместительству исполняющего обязанности директора крестьянского хозяйства «Ақ-Аю» Зеленовского района. Подготовил более 200 дипломников и 2-х магистрантов. За многолетний и плодотворный труд награжден различными грамотами, удостоен нагрудного знака «Почетный работник образования РК».

Обращает на себя внимание то, что в институт он поступил уже будучи пройдя службу в армии, с практическим стажем механизатора. К тому же у него была семья, дети – дочь и сын. В таком возрасте некоторые заканчивали аж по 2 института, а в лучшем случае обучались заочно. Оказаться здесь в роли студента очного отделения – это скорее исключение из правил, чем норма. И в тот момент назвать его молодым «зеленым» студентом, как-то и язык не поворачивался. Естественно, человека с таким жизненным опытом, сразу заметили его преподаватели, на него обратили внимание, возлагали

большие надежды. И он в полной мере оправдал их ожидания: на протяжении всех лет обучения учился только на отлично, неоднократно выезжал на республиканские предметные олимпиады по биологии и становился призером и победителем, был председателем студенческого комитета. И семейная жизнь никогда не была ему помехой, она наоборот, даже стимулировала его к активной деятельности. Его преданная жена всегда и во всем поддерживала его. Шли годы, в семье Бекназаровых произошли приятные перемены, родился еще один сын, который со временем, как и его отец, стал агрономом по образованию. Я пока намеренно не говорю об именах его детей, позже я представлю их читателям. Жили они в то время в общежитии. У них всегда было много гостей, особенно студентов, и некая притягательная сила затягивала их к ним. Нетрудно догадаться почему для тех, кто хорошо знает Жолдыбая. В его речи особый слог, он говорит просто, свободно и доступно, а потому и интересно слушать, любит травить байки, анекдоты. Это если для отдыха. Ну а если, что надо по серьезному, то он может быть по отечески заботлив, внимателен и ни в чем никогда не отказывает. Одни из них приходили за советами, другим нужна была помощь в выполнении каких-то заданий по той или иной дисциплине, третьи – просто поговорить. Его «почтенный» возраст обязывал его быть здравомыслящим человеком. Рядом с ним и другие старались меньше проявлять ребяческие выходки, и самое главное учиться хорошо. Группа, которую он возглавлял, была одной из самых сильных в институте, и им не раз представлялась возможность выезжать по путевке, например, в Ленинград. Они хоть и учились на курс ниже нас, но нам не уступали в успеваемости и буквально «наступали нам на пятки». И то, что Жолдыбай в учебе был силен и упорства у него было не занимать говорит тот факт, что на одну из студенческих олимпиад по агрономии в составе сборной команды от факультета должны были ехать 4 человека из старших курсов, так как основные вопросы конкурса были составлены из дисциплин, которые к этому времени уже

были пройдены. Тем не менее его включили в состав команды, и он до начала олимпиады начал усиленно готовиться и продолжал это делать в поезде по пути в Алматы, и по приезде, чувствуя при этом большую ответственность. Тогда как мы вели себя раскованно и особо не утруждали себя усердным корпением за конспектами или учебниками. Кто-то играл в шахматы, а кто-то почитывал художественные книжки, газеты, или просто отсыпался. В итоге, Жолдыбай не подвел команду, в тот год мы заняли 2 место, а возможно зацепились бы за 1 место, если бы брали пример с нашего героя. В той поездке нас сопровождал доцент Архипкин Виктор Григорьевич. Это один из интересных фрагментов той студенческой жизни, о которой мы часто вспоминаем: и как ехали в поезде, как сражались за призовые места, как отдыхали. А уже на следующий год он уже был опытным и сумел стать первым на республиканской и вторым на союзной олимпиаде. Я обо всем этом могу говорить потому, что мы вместе учились, занимались общественной работой, а затем стали коллегами и семейными друзьями. Более 20 лет мы вместе проработали на факультете. На протяжении долгих лет он вел учебные занятия и НИР по земледелию и в этом плане особенно хотелось бы отметить о добрых взаимоотношениях с В. В. Вьюрковым, В. Г. Архипкиным. Любые вопросы, с которыми он обращался к ним, всегда находили понимание с их стороны. Нельзя не сказать о тех людях, с кем он начинал свою педагогическую деятельность. Это Доровская Лидия Михайловна, Бакалдин Алексей Яковлевич, Кадыргалиев Акболат Мендыгалиевич, Балжанов Елемес Балжанович и др., некоторых из них уже нет с нами, но всех он с благодарностью вспоминает. Как не сказать о тех, с кем он работал в разные годы – Габдулов М. А., Рахимгалиева С. Ж., Тулегенова Д. К., Суханбердина Л. Х., Султанов А. У., Хусаинов Б. М., Садыков Б. С., Альжанова Б. С., Унаев М. Х. и др. Я бы сказал, что всем им посчастливилось поработать вместе с Бекназаровым Ж. Б.

И сейчас на пороге своего 60-летнего юбилея Жолдыбай Бекназарович остается с нами в строю. Среди

качеств, за которые его уважают в коллективе – отзывчивость к чужой беде. Он удивительно интересный рассказчик. В отношениях с людьми держится скромно, не выпячивает свое «я». В этических вопросах деликатен, не позволяя себе с кем-либо грубого обращения. Знание своего дела, умение найти правильное решение в трудной ситуации, всегда при нем. 30 лет из 60-ти отданы высшей школе, отданы без малейшего сожаленья, где он упорно трудился и состоялся как личность, как учитель, как ученый. «Нужно сделать много поступков, чтобы заслужить доверие и всего лишь один, чтоб потерять его навсегда», я думаю, что эту заповедь он помнил всегда и своими деяниями сумел завоевать уважение и не сделать в жизни ничего дурного, чтобы потерять его.

Легче идти по жизни, когда у тебя хорошая семья. Все счастливые моменты и трудные ситуации разделяет с мужем его супруга Балымтай, историк по образованию долгие годы проработала школьным учителем и сейчас находится на заслуженном отдыхе. Дети стали взрослыми, у них свои семьи, но они не забывают навещать родителей и помогать им. Старшая из детей – дочь Айгуль с мужем Нурланом живут в столице Астане, воспитывают сына Динмухамеда. Жизнь порой бывает очень жестокой и забирает у тебя самое дорогое. Не смогли они уберечь одного из своих сыновей Алибека, еще в школьном возрасте он ушел из жизни. Второй сын Куаныш с женой Айнур и двумя сыновьями – Бекусултаном и Батырханом проживают вместе с родителями. Все они получили высшее образование и унаследовали от отца стремление к чему-то новому, быть бескорыстными и трудолюбивыми. В окружении любимых внуков жизнь продолжается! Он мечтает чтобы они нашли свое призвание и путь в жизни, чтобы были здоровы, счастливы и любимы.

Есть у Жолдыбая свое хобби, которое его тоже характеризует. Он увлечен охотой и рыбалкой. Надо ли объяснять, сколько это требует умения и терпения! Любит также покопаться на садовом участке,

поэкспериментировать. Остается пожелать юбиляру крепкого здоровья и чтобы всё у него получалось.

Постскриптум. Возможно так распорядилась судьба, что его богатый производственный и педагогический опыт был необходим для того, чтобы быть полезным там, где это потребуется. Последние годы он работает на кафедре землеустройства политехнического факультета, и вносит свой посильный вклад в подготовке кадров новой формации.

В предверии 60-летнего юбилея доцента Бекназарова Ж. Б. его родной коллектив кафедры растениеводства и земледелия поздравляет юбиляра с круглой знаменательной датой и желает ему здоровья и еще раз здоровья!

ПРЕКРАСНЫЙ УЧЕНЫЙ И ЧЕЛОВЕК

Б. М. Хусаинов,
доцент кафедры менеджмента,
канд. с.-х. наук.

Именно таким, можно кратко охарактеризовать многогранную научную деятельность и трудовой педагогический путь нашего уважаемого юбиляра, доцента, кандидата сельскохозяйственных наук Бекназарова Жолдыбая Бекназаровича, которому в этом году исполняется 60 лет.

Впервые познакомился с юбиляром после службы в рядах Советской Армии Вооруженных сил СССР в 1986 году, когда я приехал в Уральск из воинской части в Калужской области и продолжил учебу на третьем курсе агрономического факультета Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.

Лекционные, лабораторные и практические занятия на агрономическом факультете в то время у нас вели отличные и опытные преподаватели, среди них был молодой выпускник нашего вуза Бекназаров Жолдыбай Бекназарович, который преподавал нам дисциплины «Общее земледелие», «Орошаемое земледелие» и

«Агрохимия», при этом отличался яркой самобытностью и профессионализмом.

